

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова**



«УТВЕРЖДЕНА»

Решением Совета директоров НАО
«Актюбинский региональный
университет им. К.Жубанова»

(Протокол №7 от «13» 06 2022г.)

МОДУЛЬНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

Код и название области образования: 8D05 – Естественные науки, математика и статистика

Код и название направления подготовки: 8D054/0540 – Математика и статистика

Код и название ОП: 8D05401 – Математика

Уровень образования: докторантура

Присуждаемая степень: доктор философии (PhD) по образовательной программе «8D05401 – Математика»

Общий объем кредитов: 180 академических кредитов / 180 ECTS

Год поступления: 2022 г.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	Байланыс мәліметі
Жұмыспен қамтушы: т.ғ.к., профессор Кенжегулов Бекет Зинешович ф.-м.ғ.д., профессор Асанова Анар Турмаганбеткызы	Х. Досмухамедов атындағы Атырау университетінің жанындағы математика және қолданбалы технологиялар институтының директоры ҚР БҒМ ҒК Математика және математикалық модельдеу институтының математикалық физика және модельдеу бөлімінің меңгерушісі	8-701-729-62-84 8-701-738-09-42
PhD докторанты Танкеева Айгерим	1 курс PhD докторанты	8-705-376-24-29
Кафедраның жауапты құрастырушылары: Абдикаликова Галия Амиргалиевна Кокотова Елена Викторовна	Ф.-м.ғ.к., доцент Ф.-м.ғ.к., кафедра доценті	8-702-114-91-58 8-701-920-42-53
Рецензент: Алдай Мактагуль	Ф.-м.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ	8-701-333-25-75

2. ЖОО миссиясы, көрінуі, құндылықтары

МИССИЯСЫ:

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен «кемел тұлғаны» қалыптастыру.

КӨРІНУІ:

Қазақстанның батыс өңірін білікті мамандармен қамтамасыз ететін және қолданбалы ғылымның орталығына айналған көпсалалы классикалық жоғары оқу орны.

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

- Академиялық табыстылық
- Парасаттылық
- Ашықтық және ынтымақтастық
- Жоғары сапалы білім
- Әлеуметтік белсенділік және азаматтық бастама
- Шығармашылық және көшбасшылық
- Адамдарға құрмет және ізеттілік
- Ғылым мен инновацияның бірлігі

3. ЖОО бітіруші түлектің моделі

- Зерделеу саласы бойынша терең білім мен түсінікті меңгерген
- Заманауи әлемде өзін-өзі кәсіби тұрғыда іске асыруға дайын
- Іскер, шешімдер қабылдауға және жаңа мүмкіндіктер жасауға қабілетті
- Жаһандық өзгерістерге бейім
- Ақылы жетік, ой-өрісі биік адам
- Жаһандық азаматтылықты меңгерген

4. Білім беру бағдарламасының паспорты:

Қолдану саласы	«8D05401 – Математика» білім беру бағдарламасы (алда ББ) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде философия докторларын (PhD) даярлауды жүзеге асыру үшін арналған. ББ сәйкес даярлау бағыты бойынша МЖМБС ЖООК, халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі кодына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы, «Педагог» кәсіби стандарты негізінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті өздігінен құрастырған. ЖООК ББ құрастыру барысында Қ.Жұбанов атындағы АӨУ қалыптасқан ғылыми мектептері мен өңірлік және республикалық еңбек нарығының қажеттіліктері ескерілді.
ББ коды мен атауы	8D05401 – Математика
Нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі	<ol style="list-style-type: none">1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (2018.04.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)2. «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығы)3. ECTS-ті қолдану туралы Нұсқаулық (Еуропалық аударым және кредиттік жинақтау жүйесі). – Еуропалық одақтың жариялау кеңсесі, 2015 жыл, ISBN 978-92-79-43562-1 (2015 жылғы 14-15 мамырда Еревандағы Министрлер конференциясында бекітілген)4. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы)5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы)6. «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 455 бұйрығы)7. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы)8. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығы)

	<p>9. «Жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары білім беру оқу пәндерін кодтау жүйесі». ҚР МЖМБС 5.05.001–2005</p> <p>10. "Педагогтің кәсіби стандарты" ("Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығы)</p> <p>11. "Білім" саласындағы Салалық біліктілік шеңбері (ҚР БЖҒМ Білім саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиясы бекіткен. Хаттама №3. 27.11.2019.)</p> <p>12. Модульдік білім беру бағдарламасын құру туралы ереже (№13 хаттама, 12.08.2020 жыл);</p> <p>13. Магистратура мен докторантура туралы ереже (28.08.2020 ж. № 1 хаттама)</p> <p>14. Докторлық диссертация туралы ереже (28.08.2020 ж. № 1 хаттама)</p> <p>15. Магистранттар мен докторанттардың практикалары мен ғылыми тағылымдамаларын ұйымдастыру және өткізу туралы ереже (28.08.2020 ж. № 1 хаттама)</p>
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
ББ мақсаты	"8D05401 – Математика" білім беру бағдарламасының мақсаты тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу дайындығын иеленген, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі орындардағы білім беру жүйесі мен ғылыми саласы үшін, бәсекеге қабілетті жоғары білікті ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау.
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже:	«8D05401 – Математика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)
Маманның лауазымдарының тізімі	<p>Докторантураның түлектері мамандық бойынша алған іргелі және арнайы даярлығына сәйкес кәсіби қызметін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-зерттеу институттарында, зертханаларда, конструкторлық және жобалау бюроларында және т.б. ұйымдарда ғылыми қызметкер (аға, жетекші, бас); - жоғары оқу орындарында және басқа білім беру ұйымдарында математика оқытушысы; - математик-аналитик, өз жұмыстарында математика әдістерін қолданатын өндірістік және басқару ұйымдарында, сақтандыру компанияларында, қаржы құрылымдарында маман; - ЖОО басшысы <p>лауазымдарында жүзеге асыра алады.</p>
Кәсіби қызмет саласы	- ҒЫЛЫМ;

	<ul style="list-style-type: none"> - білім беру; - ғылыми-өндірістік сала, экономика және басқару.
<p>Кәсіби қызмет функциялары және түрлері</p>	<p>Кәсіби қызмет түрлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-зерттеу; - педагогикалық; - әкімшілік-басқарушылық. <p>Кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес «8D05401-Математика» ББ түлегі келесі функцияларды атқара алады</p> <p>Ғылыми-зерттеу қызметі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - процестер мен объектілерді математикалық модельдеу іргелі есептерін шешу үшін математикалық әдістерді және жоғары өнімді есептеу технологияларын қолданатын ғылыми зерттеулер; - математикалық модельдерді құру және зерттеу, алгоритмдерді, жүргізілетін ғылыми-зерттеу және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары бойынша зерттеу әдістерін жасақтау; - жаратылыстану ғылымдары саласындағы қолданбалы есептерді шешу үшін ғылымды қажетсінетін математикалық және заманауи жоғары өнімді есептеу технологияларын, ақпараттық технологияларды және бағдарламалар дестелерін жасақтау. <p>Педагогикалық қызмет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында математикалық пәндер циклын оқыту; - бакалаврлар, магистрлер, докторанттардың ғылыми зерттеулеріне жетекшілік ету; - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқу-әдістемелік материалдар жасақтау. <p>Әкімшілік-басқарушылық қызмет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-зерттеу топтардың, ұжымның, институттардың және т.б. жұмысын ұйымдастыру; - ғылыми және ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференцияларды ұйымдастыру және өткізу.

5. ББ оқыту нәтижесі:

1. зерттеу нәтижелерін жоспарлау, үйлестіру, іске асыру және болжау, әртүрлі ғылыми теориялар мен идеяларды сыни талдау, бағалау және салыстыру;
2. математиканың іргелі бөлімдері бойынша терең және жан-жақты білімдерін көрсету, соның ішінде Соболев кеңістіктерінің теориясы, операторларды коммутативті емес талдау, стохастикалық талдау, дифференциалдық теңдеулер жүйелерінің келтірімділік теориясы, динамикалық жүйелер теориясы бойынша; ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде қолданылатын әдістерді меңгеру, заманауи математика саласындағы өзекті мәселелерді шешу барысында ғылыми зерттеу әдістерін қолдану;
3. векторлық өрістің бағыттары бойынша жүйелерді, локалды емес шартты гиперболалық типті теңдеулерге арналған шеттік есептерді, параболалық типті теңдеулерге арналған қолданбалы есептердің көппериодты және периодты дерлік шешімдерін зерттеу үшін дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйелері саласындағы теориялық және қолданбалы ғылыми зерттеулер әдістерін қолдану;
4. өзінің жаңа ғылыми идеяларын түрлендіру, ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыстардың нәтижелерін докторлық диссертация түрінде жинақтау, кәсіби салада ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындауда құзіретті болу;
5. көпөлшемді уақытты дифференциалдық және интегро-дифференциалдық теңдеулердің периодты шешімдерін табу әдістерін қолдану, көппериодты шешімнің орнықтылығы мен кіші параметр бойынша голоморфтығы туралы мәселені шешу;
6. математика бойынша заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдай және шеше білу, таңдап алынған бағыт бойынша зерттеулер, эксперименттік-зерттеулер жұмысын ұйымдастыру және жүргізу;
7. өзінің болашақ кәсіби дамуын жобалап және жоспарлай білу; арнайы салада, кәсіби білімнің теориясы мен әдістемесі саласында жаңа білімді игеру дағдысының болуы;
8. заманауи ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдаланып, ғылыми ақпаратты іздеу, жинау, өңдеу, сақтау және беру дағдыларын көрсете отырып, деректерді талдаудың заманауи әдістерін пайдалану;
9. динамикалық жүйелердің фазалық портреттерін құру және бағалау, детерминантталған хаос пен детерминантталмаған жүйелерді ажырату; динамикалық жүйені сапалы зерттеу мәселелерін шешу.

6. 2022-2025 жж. арналған модульдік оқыту жоспары (оқыту мерзімі 3 жыл)

Цикл/ компонент	Пәннің коды	Пәннің атауы	семестр	академиялық кредит	кредит ECTS	Бақылау формасы	Курстық жұмыс	Докторанттың жұмыс уақытының бюджеті, сағат						Семестрлер бойынша бөлінуі						
								Барлығы	Аудиториялық	Аудиториялық сабақтар			Өзіндік жұмыс		1 курс		2 курс		3 курс	
										Дәріс	Зертханалық	Практика	ДӨЖ	ДӨЖ	1-сем. 15 апта	2-сем. 15 апта	3-сем. 15 апта	4-сем. 15 апта	5-сем. 15 апта	6-сем. 15 апта
Модуль 1. - Математиканың іргелі бағыттары бойынша ғылыми зерттеу мәселелері, 26 академиялық кредит																				
БП ЖК	АН 7201	Академиялық хат	1	3	3	емт.		90	30	15		15	15	45	3					
БП ЖК	GZA 7202	Ғылыми зерттеу әдістері	1	3	3	емт.		90	30	15		15	15	45	3					
БП ЖК	MIBOM 7203	Математиканың іргелі бағыттарының өзекті мәселелері	1	5	5	емт.		150	45	15		30	25	80	5					
DGZZh		Докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегендегі, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	1	15	15	есеп		450						15						
Модуль 2.1. – Тербелістер теориясы, 24 академиялық кредит																				
КП ТК	DTZhK 7301	Дифференциалдық теңдеулер жүйесінің келтірілімділігі	1	4	4	емт.		120	40	20		20	20	60	4					
КП ТК	KUDIDZhT Sh 7302	Көпөлшемді уақытты дифференциалдық және интегро-дифференциалдық жүйелердің тербелмелі шешімдері	2	5	5	емт.		150	45	15		30	25	80	5					
КП ТК	PTZhKDPS h 7303	Параболалық теңдеулер жүйесінің көппериодты және дерлік периодты шешімдері	2	5	5	емт.		150	45	15		30	25	80	5					
DGZZh		Докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегендегі, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	2	10	10	есеп		300						10						
Модуль 2.2. – Динамикалық жүйелер, локальды емес шеттік есептер және дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешу әдістері, 24 академиялық кредит																				

Қысқартылған атаулар:

БП	.-базалық пән
КП	.-кәсіптік пән
ТК	.-таңдау компоненті
ЖК	.-Жоғары оқу орны компоненті
емт.	.-емтихан

7.1. Білім бағдарламасының картасы

Цикл/компонент	Пәннің коды	Модульдің компоненттері	Семестр	Академиялық кредит	кредит ECTS	Нәтижелері
1	2	3	4	5	6	7
Модуль 1. - Математиканың іргелі бағыттары бойынша ғылыми зерттеу мәселелері, 26 академиялық кредит						
БП ЖК	АН 7201	Академиялық хат	1	3	3	ОН-4, ОН-6
БП ЖК	GZA 7202	Ғылыми зерттеу әдістері	1	3	3	ОН-2, ОН-6, ОН-8
БП ЖК	МІВОМ 7203	Математиканың іргелі бағыттарының өзекті мәселелері	1	5	5	ОН-1, ОН-2
	DGZZh	Докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегендегі, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	1	15	15	ОН-1, ОН-4, ОН-6, ОН-7, ОН-8
Модуль 2.1 – Тербелістер теориясы, 24 академиялық кредит						
КП ТК	DTZhK 7301	Дифференциалдық теңдеулер жүйесінің келтірілімділігі	1	4	4	ОН-2, ОН-3
КП ТК	KUDIDZh TSh 7302	Көпөлшемді уақытты дифференциалдық және интегро-дифференциалдық жүйелердің тербелмелі шешімдері	2	5	5	ОН-1, ОН-4, ОН-5, ОН-6, ОН-7
КП ТК	PTZhKDP Sh 7303	Параболалық теңдеулер жүйесінің көппериодты және дерлік периодты шешімдері	2	5	5	ОН-1, ОН-3, ОН-6, ОН-7
	DGZZh	Докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегендегі, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	2	10	10	ОН-1, ОН-4, ОН-6, ОН-7, ОН-8

Модуль 2.2 – Динамикалық жүйелер, локальды емес шеттік есептер және дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешу әдістері, 24 академиялық кредит						
КП ТК	DTDTZhS hAA 7301	Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйелерін шешудің арнайы әдістері	1	4	4	ОН-1, ОН-3, ОН-4, ОН-7
КП ТК	DZh 7302	Динамикалық жүйелер (ағылшын тілінде)	2	5	5	ОН-2, ОН-6, ОН-9
КП ТК	DTDTLES hE 7303	Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер үшін локальды емес шеттік есептер (ағылшын тілінде)	2	5	5	ОН-1, ОН-3, ОН-4
	DGZZh	Докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегендегі, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	2	10	10	ОН-1, ОН-4, ОН-6, ОН-7, ОН-8
Модуль 3. – Ғылыми және практикалық, 118 академиялық кредит						
БП	РР	Педагогикалық практика	2	10	10	ОН-7, ОН-8
КП	ЗР	Зерттеу практикасы	4	10	10	ОН-1, ОН-4, ОН-6, ОН-7, ОН-8
	DGZZh	Докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегендегі, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	3,4,5,6	98	98	ОН-1, ОН-4, ОН-6, ОН-7, ОН-8

7.2. Оқыту нәтижелерінің оқылатын пәндерге сәйкестігінің картасы

№	Оқу нәтижелері Пәндер атаулары	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН
		1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Академиялық хат				+		+			
2.	Ғылыми зерттеу әдістері		+				+		+	
3.	Математиканың іргелі бағыттарының өзекті мәселелері	+	+							
4.	Дифференциалдық теңдеулер жүйесінің келтірілімділігі		+	+						
5.	Көпөлшемді уақытты дифференциалдық және интегро-дифференциалдық жүйелердің тербелмелі шешімдері	+			+	+	+	+		
6.	Параболалық теңдеулер жүйесінің көпериодты және дерлік периодты шешімдері	+		+			+	+		
7.	Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер жүйелерін шешудің арнайы әдістері	+		+	+			+		
8.	Динамикалық жүйелер (ағылшын тілінде)		+				+			+
9.	Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер үшін локальды емес шеттік есептер (ағылшын тілінде)	+		+	+					
10.	Педагогикалық практика							+	+	
11.	Зерттеу практикасы	+			+		+	+	+	
12.	Докторлық диссертацияны орындауды қоса есептегендегі, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	+			+		+	+	+	
	Барлығы	7	4	4	6	1	7	6	4	1

8. Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кестесі

Оқу курсы	Семестр	Меңгерілген модульдер саны	Оқытыла-тын пәндер саны		Академиялық кредит саны						Барлық сағат саны	ECTS	Саны	
			ЖК	ТК	Теори-ялық оқыту	Педагогикалық практика	Зерттеу практикасы	Ғылыми-зерттеу жұмысы (докторлық дис.)	Қортынды аттестация докторлық дисертация	Барлығы			Емт.	Есеп
1	1	2	3	1	15	-	-	15	-	30	900	30	4	1
	2	2		2	10	10		10		30	900	30	2	2
2	3	1	-	-	-	-	-	30	-	30	900	30		1
	4	1	-	-	-	-	10	20	-	30	900	30		2
3	5	1	-	-	-	-	-	30	-	30	900	30		1
	6	1	-	-	-	-	-	18	12	30	900	30		1
Всего:		3	3	3	25	10	10	123	12	180	5400	180	6	8

9. ББ ресурстық қамтамасыз етілуі

Ресурстық қамтамасыз етілу 8D05401 - Математика даярлау бағыты бойынша докторантурада білім беру бағдарламасын жүзеге асыру шарттарына қойылатын талаптар негізінде қалыптастырылып, төмендегілерді қамтиды:

- кадрлық қамтамасыз етілуі;
- оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі;
- материалды-техникалық қамтамасыз етілуі.

Кадрлық қамтамасыз етілуі

Докторантураның ББ жүзеге асыру, қағида бойынша, базалық білімі оқытылатын пән бейініне сәйкес келетін, жүйелі түрде ғылыми және (немесе) ғылыми-әдістемелік қызметпен айналысатын ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Бітіруші түлектер – математика кафедрасының түлектері. Кафедраның құрамы Қазақстан Республикасының заңнамасына және жоғары оқу орындарының ғылыми-педагогикалық кадрларының лауазымдарына конкурстық ауыстыру Ережелеріне сәйкес құрылған.

Математика кафедрасында штаттағы оқытушылардың жалпы саны 30 оқытушыны құрайды, оның ішінде 2 ғылым докторы, 13 ғылым кандидаты, 4 PhD докторы және 9 магистр. Олардың жалпы санынан штаттағы оқытушылардың үлесі, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті

білім беру стандартының базалық және бейінді пәндер циклі бойынша 79 % - ды құрайды, ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылардың үлесі штаттағы оқытушылар санының 63 % - ын құрайды.

Оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі

«8D05401 – Математика» ББ оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету: пәннің типтік және жұмыс оқу бағдарламасы, ПОӘК, силлабус, бақылау-өлшеу материалдары, белсенді үлестірме материалдары, дидактикалық материалдар, оқу қызметі түрлерін реттейтін нормативтік құжаттарды қамтиды.

Әрбір докторант университеттің электрондық кітапханасын, РҒТК АФ, ҚазҰӘК, Web of Knowledge (Thomson Reuters) және Web of Science, Scopus, Springer және университеттің ғылыми кітапханасы ресурстарымен қоса Интернет желісіне толық ене алады. Кітапхана қоры баспа және электрондық басылымдармен, мамандықтың барлық пәндері бойынша оқу және ғылыми әдебиетпен жасақталған. Бұдан басқа, докторанттар РМҚ диссертациялық қорына кіру, РҒТК АФ-ның қорына ену мүмкіндіктері бар. Оқу үдерісінің оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуі жоғары білім беру талаптарына сай келеді.

Материалды-техникалық қамтамасыз етілуі

«8D05401 – Математика» ББ жүзеге асыру барысында оқу жұмыс жоспарында қарастырылған, қолданыстағы санитарлық және өрт қауіпсіздік ережелері мен нормаларына сәйкес келетін сабақтың барлық түрлерін өткізуді қамтамасыз ететін материалды-техникалық база қолданылады.

Материалды-техникалық база 8D05401 – Математика ББ бойынша сабақ өткізуге арналған лектік аудиториялары, жабдықталған кабинеттері мен зертханалары, компьютерлік кластары бар оқу ғимаратымен (Ағ. Жұбановтар көшесі, 263) қамтамасыз етіледі.

«8D05401 – Математика» ББ жүзеге асыру үшін физика-математика факультетінде қажетті аудиториялық қор, әдістемелік және мамандандырылған кабинеттер ("Дәулет Умбетжанов атындағы ғылыми-инновациялық дәрісхана", "Көптілділік оқыту кабинеті", "Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі кабинеті", «Алгебра» кабинеті, «Геометрия» кабинеті), компьютерлік кластар және арнайы зертханалар ("Ағындық мәліметтер аналитикасы және машиналық оқыту зертханасы", "Компьютерлік моделдеу және сандық әдістер", Компьютерлік графика" және т.б.). Мамандандырылған «Геометрия», «Алгебра» кабинеттерінде DIGITOUCH ВВ-86 интерактивті панельдері орнатылған – бұл мультимедиялық ойнатқыш ретінде сенсорлық СК экранды және бормен немесе маркермен жазу бетін біріктіретін интерактивті құрылғылар. Инновациялық оқыту процесін ұйымдастыруға, брифингтер немесе материалды баяндау барысында қосымша түсініктемелер мен мысалдарды қажет ететін басқа да тапсырмаларды қолдануға арналған.

10. Түлектердің жалпы мәдени және әлеуметтік-тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін Қ.Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік университетіндегі ортаның сипаттамасы

Түлектердің жалпы мәдени және әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерінің дамуын және қалыптасуын қамтамасыз ету үшін университетте барлық жағдай жасалған.

Оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылатын тәрбие жұмысының мақсаты - кәсіби, үйлесімді түрде дамыған және адамгершілік жағынан тұрақты тұлғаны қалыптастыру. Тәрбие жұмысы барысында патриоттық тәрбиеге, азаматтылық, жауапкершілікке, инабаттылық сезімді,

адалдықты, кәсіби міндетіне адалдықты, заңға мойынұсынушылықты, бір біріне және басқаларға деген сыйластықты тәрбиелеуге аса маңызды көңіл бөлінеді.

Тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асады:

- азаматтық ұстанымды және рухани-адамгершілік мәдениетін тәрбиелеу;
- эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу;
- дене мәдениетін тәрбиелеу және салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- экологиялық мәдениетті тәрбиелеу;
- еңбек тәрбиесі.

Университетте тәрбие үдерісін ұйымдастырудың базалық нормативтік құжаты ретінде «Тәрбие жұмысының тұжырымдамасы» және университеттің ішкі нормативтік құжаттар ретінде «Өзін өзі басқару туралы», «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы», «Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі туралы», «Құқықтық білім мектебі туралы», «Спорт клуб туралы», «Дебат клубы туралы» және т.б. Ережелер жасақталған.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін университетте тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасы құрылған. Оның құрамына білім алушылар және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімі, әлеуметтік-мәдени жұмыс бөлімі кіреді. Мұнан басқа, университетте студенттік парламент, жатақхананың студенттік Кеңесі, спорт клубы, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Кеңес және т.б. қызмет етеді.

Университетте мәдени-көпшілік жұмысты ұйымдастыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жеткілікті материалды-техникалық база бар:

- Жастар сарайы;
- Студенттер сарайы;
- Екі спорт кешені;
- Спорт бірлестігі;
- 3 бөлек спорт залдары;
- Жүгіру жолы және футбол алаңы бар стадион;
- Теннис корты;
- Ату тирі;
- Студенттік көп салалы емхана.

Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-де білім алушылардың үйлесімді тұлғасын дамытуға, адамгершілік, азаматшылық, патриоттық және жалпы мәдени құзыреттерін бекітуге септігін тигізетін «Ритор» және «Заман Біздікі» дебат клубтары, құқықтық білім мектебі, «Жұбанов жастары» студенттік театры, «Таразы» жас ақындар клубы, «English-club», «Education club», «Universal programmer-club», КТК (КВН) клубы, «Үмітің үзілмесін» қайырымдылық клубы, «Жұбанов жылуы» ерікті жасақталушылар (волонтерлер) клубы, «ARSU STAR» және «Big Fam» би үйірмелері, «Мансап» мемлекеттік қызмет мектебі, спорт секциялары және т.б. қызмет етеді.

Ақпараттық-насихаттық, жеке-психологиялық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, моральдық-этикалық, мәдени, көпшілік-спорттық және басқа да шаралар кешенінде тәрбие жұмысы жүргізіледі.

КЕЛІСІЛГЕН:

ҚР БҒМ ҒК Математика және математикалық модельдеу институтының
математикалық физика және модельдеу бөлімінің меңгерушісі




Асанова А. І.

Х. Досмухамбетовтың аты Атырау университетінің
жанындағы математика және қолданбалы техника факультетінің
институтының директоры





Кенжетұлов Б. З.